

## **Абоненттердің жеке шоттарына әлеуметтік төлемді аудару ережелері (ары қарай «Ережелер»)**

Осы Ережелер Оператордың, Электронды ақша жүйелері операторы мен Абоненттің арасындағы, Абоненттің жеке шотына әлеуметтік төлемдерді және/немесе басқа төлемдерді, жәрдемақыларды, ҚР заңнамасында тағайындалған төлемдерді төлеу үшін Абонент таңдаған жағдайда туындайтын қарым-қатынасты реттейді.

1. Осы Ережелерде келесі негізгі түсініктер қолданылады:

1) **«Абонент»** - әлеуметтік төлемдерді және/немесе басқа төлемдерді, жәрдемақыларды, ҚР заңнамасында тағайындалған төлемдерді, соның ішінде әлеуметтік сақтандыру саласындағы төлемдерді алушы, Оператордың абоненті болып табылатын жеке тұлға.

2) **«Мемлекеттік корпорация»** - «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы.

3) **«Министрлік»** - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

4) **«Электронды ақша жүйелерінің ережелері»** - Электронды ақша жүйелері Операторының ережелері, ол бойынша электронды ақша шығарылады, іске асыралады, сатып алынады, өтеледі, сондай-ақ оларды электронды ақша жүйесінде қолдана отырып, Электронды ақша жүйесі операторының сайтында жарияланған операциялар жасалады.

5) **«Жария шарт»** – Абонент пен Оператор арасында жасалған, ұялы байланыс қызметтерін көрсету шарты.

6) **«Оператордың сайты»** – Оператордың Интернет желісіндегі ақпарат ресурсы, мекенжайы: [www.beeline.kz](http://www.beeline.kz).

7) **«Электронды ақша жүйесі операторының сайты»** – Электронды ақша жүйесі операторының Интернет желісіндегі ақпарат ресурсы, мекенжайы: <https://kempay.kz>.

8) **«Төлем» («Әлеуметтік төлем»)** – әлеуметтік төлемді алушының пайдасына Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, басқа да мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар төлейтін және Абоненттің жеке шотына аударылуы мүмкін төлемдер.

9) **«Оператор»** - Электронды ақша жүйесі операторымен шарт жасасқан Мерчант (қызметті сатушы) ретінде әрекет ететін, Электронды ақша жүйесінің Ережелеріне қосылған «KaP-Тел» ЖШС.

10) **«Электронды ақша жүйесінің операторы»** - «ҚАЗЕВРОМОБАЙЛ» ЖШС.

11) **«Электронды ақша»** – электронды түрде сақталып, төлем құралы ретінде қолданылатын, электронды ақша эмитентінің сөзсіз әрі қайтып алынбайтын ақшалай міндеттемелері.

12) **«Электронды әмиян»** – Абоненттердің Электронды ақшамен төлем, аударым және басқа да операциялар жасауына мүмкіндік беретін Электронды ақша сақталатын микропроцессор (чип), дербес компьютердің бағдарламалық жасақтамасы, басқа да бағдарламалық техникалық құрал.

Анықтамасы мен мағынасы осы Ережелерде қарастырылмаған терминдер, осы терминдер үшін Жария шартта, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған анықтамалар мен мағыналарға сай түсіндірілуі тиіс.

2. Осы Ережелердің талаптары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша, Абонентке Төлемді аудару мақсатында, Оператор Абонентті сәйкестендіреді де, сәйкестендіру сәтті өтсе, Электронды ақша жүйесінің операторы Әлеуметтік төлемді Электронды әмиян арқылы Абоненттің жеке шотына аударады.

3. Абоненттің осы Ережелерге қосылу тәртібі.

3.1. Абоненттің осы Ережелерге қосылуы осы Ережелердің, Электронды ақша жүйесінің ережелерінің талаптарымен Абоненттің танысқанын, келісетінін және оны толық қабылдайтынын білдіреді.

3.2. Абоненттің келесі әрекеттердің бірін жасаған сәті Абоненттің осы Ережелерге қосылған және олардың күшіне енген сәті болып саналады:

➤ Веб-ресурстарда немесе кез келген басқа қосымшадағы, соның ішінде Мемлекеттік корпорацияның немесе Министрліктің Төлемді тағайындауға арналған қосымшаларындағы осы Ережелердің мәтіні жанындағы тиісті жолға белгі қою (түртіп қоюы) арқылы осы Ережелердің шарттарымен келісетінін растауы;

➤ Оператордың немесе Мемлекеттік корпорацияның коммуникацияларында көрсетілген нөмірге SMS жіберуі.

➤ USSD мәзірде Оператор көрсеткен пәрменді (көрсетілген цифрды) теру арқылы келісетінін растауы.

➤ Оператормен, осы Ережелердің өзекті нұсқасы жарияланған интернет желісіндегі мекенжай көрсетілген, осы Ережелердің сілтемесі бар басқа келісімдерге қол қоюы.

4. Осы Ережелерге қосыла отырып, Абонент Төлемдерді аудару үшін өз Дербес деректерін Оператордың, Электронды ақша жүйесі операторының алуына, сақтауына және өңдеуіне келісетінін білдіреді және рұқсат етеді, сондай-ақ дербес деректерінің Мемлекеттік корпорацияға, Министрлікке және көрсетілген тұлғалардың сенім артқан өкілдеріне, сондай-ақ осы Ережелерде қарастырылған Төлемдерді ұсыну үдерісінде басқа да тұлғаларға берілуіне келісетінін білдіреді.

5. Абонентті және оператордың желісіндегі абонент нөмірінің оған тиесілі екенін сәйкестендіру тәртібін Оператор анықтайды.

6. Төлем келесі жағдайларда аударылады:

➤ Мемлекеттік корпорация немесе Министрлік немесе басқа уәкілетті орган Абоненттік Әлеуметтік төлем жасауды растаса;

➤ Оператор Абонентті Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәтті сәйкестендірсе.

Оператор осы Ережелерде немесе Жария шартта қарастырылған талаптарға Абонент сай келмеген жағдайда немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы талаптарына қайшы келмейтін басқа негіздермен абоненттің жеке шотына Төлемдерді аударудан бас тартуға құқылы.

7. Әлеуметтік төлемді аудару үшін, Электронды ақша жүйесінің операторы Абонентке Электронды әмиян ашып, Әлеуметтік төлем сомасына толтырады да, электронды ақша жүйесінің мерчанты ретінде Оператордан қызметтерді сатып ала отырып, тиісті электронды ақшаның тиісті сомасын Абоненттің әмиянынан Мерчанттың әмиянына аудару, осы соманы Абоненттің жеке шотына жібереді. Осы Ережелерге қосыла отырып, Абонент аталған барлық әрекетті өз атынан жасауы үшін, Электронды ақша жүйесінің операторына нұсқау береді.

8. Әлеуметтік төлемді алу жолдары туралы Оператор өз сайтында және Еңбек және әлеуметтік қамту министрлігі <https://egov.kz>, <https://42500.enbek.kz/> сайттарында, @Enbek42500Service телеграм бот сервисінде хабарлайды.

9. Тараптардың құқықтары мен міндеттері.

9.1. Оператор мен Электронды ақша жүйесінің операторы міндетті:

9.1.1. Абонент туралы дербес деректердің құпиялығын қамтамасыз етуге. Абоненттің өз дербес деректерін, логинін, кілт сөздерін, соның ішінде Абонент төлем алатын Абоненттік құрылғыларға қосылуға мүмкіндік беретін кілт сөздерді жариялауына және/немесе жоғалтып алуына байланысты Абонент шеккен кез келген зиян үшін Оператор жауапты болмайды.

9.2. Оператор мен Электронды ақша жүйесінің операторы құқылы:

9.2.1. Осы Ережелерде жазылған тәртіппен, Төлемді алғаны туралы ақпаратты Абоненттен сұрауға;

9.2.2. Абонент сәйкестендіруден өтпегені, Абоненттің жеке шотына қатысты алаяқтық және фрод орын алғаны анықталса, сондай-ақ Оператор, Төлемді алу үшін Абонент жеке шотын арам ниетте немесе құқыққа қайшы қолдануда деп негізді түрде санаса, Абоненттің жеке шотына Төлемді аударудан бас тартуға;

9.2.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда операцияларды осы Ережелерге сай тоқтатуға;

9.2.4. Қате төленген Әлеуметтік төлемді акцептісіз тәртіппен Абоненттің жеке шотынан алуға.

9.2.5. Оператор, Оператордың немесе Электронды ақша жүйесі операторының сауытында хабарлай отырып, осы Ережелердің немесе олар өзгерген жағдайда Ережелердің жаңа нұсқасының әрекетін біржақты тәртіппен тоқтатуға немесе өзгертуге құқылы. Осы Ережелерге қосыла отырып Абонент, осы бапта қарастырылған тәртіппен Оператордың осы Ережелердің талаптарын өзгерте алатынына келіседі.

9.3. Абонент міндетті:

9.3.1. Осы Ережелерде қарастырылған талаптар мен міндеттерді орындауға;

9.3.2. Оператор мен Электронды ақша жүйесінің операторына зиян әкелетін әрекеттерді жасамауға;

9.3.3. Абоненттің қасақана әрекеттері (Төлемдерді осы Ережелерге сай адал алу мақсатынсыз, соның ішінде Абонент, Оператор мен Электронды ақша жүйесінің операторына зиян әкелген

фродты жасағаны) анықталған жағдайда шеккен зиянды өтеуге. Оператор заңнамада бекітілген тәртіппен мұндай зияндарды Абоненттерден толық көлемде өндіріп алуға құқылы.

9.4. Абонент құқылы:

9.4.1. Тиісті сауал арқылы, жасалған Төлем туралы ақпаратты кез келген уақытта алуға.

10. Тараптардың жауапкершілігі.

10.1. Оператор мен Электронды ақша жүйесінің операторы Төлемді тағайындау шешіміне жауап бермейді. Абонент Төлемді тағайындауға қатысты барлық шағымын тікелей Мемлекеттік корпорацияға, Министрлікке, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына немесе Төлемді тағайындаушы және төлеуші басқа да мемлекеттік немесе мемлекеттік емес ұйымдарға ұсынуы тиіс.

10.2. Техникалық платформалар мен тасымалдаушы желілерде немесе байланыс желілерінде Оператордың кінәсі жоқ себептен туындаған кідірістер мен ақаулар үшін Оператор Абоненттің алдында жауапты емес

10.3. Абонент өз Абоненттік құрылғысының қолданушылары, үшінші тұлғалар оның Абоненттік нөмірі арқылы немесе Абоненттік құрылғысында орнатылған арнаулы қосымшалар арқылы немесе оның сәйкестендіру/аутентификация деректерімен үшінші тұлғалардың web-сайттарында немесе қосымшаларында жасаған кез келген әрекет үшін тәуекелге өзі барады және жауапты болады.

11. Басқа шарттар.

11.1. Осы Ережелерге қосыла отырып, Абонент Оператор мен Электронды ақша жүйесінің операторынан абоненттік нөміріне SMS-хабарламаларды алуға келіседі.

11.2. Төлемге қатысты мәселелер бойынша кеңес Абоненттерге келесі тегін телефондарға қоңырау шалу арқылы колл-орталықтарында көрсетіледі: 1414, 0611– мобильді телефоннан, +7 (7172)701-998, +7 (727)3500500 - қала телефонынан немесе [infodesk@beeline.kz](mailto:infodesk@beeline.kz) электронды поштасы арқылы.

11.3. Осы Ережелер мен оның барлық қосымшасы – Жария шарт және ол Оператордың, Электронды ақша жүйесі операторының сайтында, <https://egov.kz>, <https://42500.enbek.kz/> сайттары мен @Enbek42500Service телеграм ботында жарияланады.

11.4. Осы Ережелер Жария шарттың ажырамас бөлігі. Тараптардың осы Ережелерде реттелмеген барлық құқықтық қатынасы Жария шарт ережелерімен реттеледі.

12. Осы Ережелер Жария шарт жарамды мерзімге жарайды. Оператор жарамдылығын тоқтатса (қайтып алса) немесе Жария шарттың жарамдылығы тоқтатылса, осы Ережелердің әрекеті тоқтайды.